

Абишева Гульнара Кайдаровианың 6D020500 – Филология (қазақша) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» тақырыбындағы диссертациясына ПІКІР

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік, лингвомәдени және лингвопоэтикалық бағыттардың тоғысында орындалған өзекті де мазмұнды зерттеу ретінде бағаланады. Автор жалқы есімдерді тек номинативтік бірлік ретінде емес, ұлттық дүниетаным мен тарихи жадыны, рухани-мәдени құндылықтарды, авторлық әлем бейнесін танытатын күрделі поэтикалық таңба ретінде қарастырып, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін жүйелі түрде қалыптастырған.

Диссертацияның басты ғылыми артықшылықтарының бірі – ономастикалық кеңістік, ономастикон, ономастикалық өріс, поэтоним ұғымдарының теориялық табиғатын кең әрі салыстырмалы түрде талдауында. Автор А.В. Суперанская, Ю.А. Карпенко, В.И. Супрун, С.И. Зинин сияқты классикалық ономастика өкілдерінің теориялық тұжырымдарын жүйелі түрде саралап, оларды қазақ ономастикасындағы ғылыми бағыттармен сабақтастыра алған. Әсіресе ономастикалық кеңістікті когнитивтік, семиотикалық, мәдени және поэтикалық жүйе ретінде қарастыруы зерттеудің ғылыми салмағын арттырған.

Автор көркем мәтіндегі жалқы есімдердің семантикалық, символдық, ассоциативтік, мәтінтүзуші және концептуалдық қызметтерін терең талдап, олардың авторлық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлін дәлелдей алған. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу қазіргі антропоэзектік лингвистика, когнитивтік поэтика және лингвомәдениеттану бағыттарымен толық үндеседі.

Сондай-ақ диссертант поэтонимдерді құрылымдық әрі функционалдық тұрғыдан жан-жақты жіктеген. Автор мифтік, діни, тарихи, киелі және прецеденттік антропопоэтонимдердің көркем мәтіндегі қызметін қарастырып, олардың ұлттық мәдени ерекшелік пен тарихи сананы жаңғыртудағы рөлін айқындаған. Әсіресе Абылай хан, Қазыбек би, Асан Қайғы, Қожа Ахмет Иассауи сияқты тарихи және прецеденттік тұлғалардың ұлттық идея, рухани сабақтастық және мәдени концептілерімен байланыста талдануы ғылыми тұрғыдан сәтті орындалған.

Сонымен қатар жұмыстың маңызды артықшылықтарының бірі – исламдық дүниетаным мен қазақы танымды өзара сабақтастықта қарастыруы. Автор діни антропопоэтонимдерді Құран сюжеттерімен, сопылық поэтикамен және қазақ рухани мәдениетімен байланыстыра отырып, олардың мәтіндегі философиялық және символдық қызметін аша алған. Жүсіп, Жақып, Мұса, Сүлеймен секілді діни поэтонимдердің сопылық және концептуалдық мазмұнда талдануы зерттеудің лингвотанымдық деңгейін күшейткен.

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық базасы да жеткілікті дәрежеде қалыптасқан. Автор інетелдік және отандық ғылыми мектептердің тұжырымдарын үйлесімді пайдаланып, Т. Жанұзақ, Ж. Манкеева, Қ. Рысберген, Н. Уәли еңбектерін орынды кіріктірген. Соның нәтижесінде зерттеу ұлттық ғылыми кеңістікпен тығыз байланысқан әрі методологиялық тұрғыдан орнықты еңбек ретінде көрінеді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы – Мәшһүр Жүсін Көпейұлы шығармаларының ономастикалық жүйесін алғаш рет лингвопоэтикалық аспектіде кешенді түрде қарастыруында. Автор поэтонимдердің құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін жүйелеп қана қоймай, олардың авторлық әлем бейнесін қалыптастырудағы қызметін нақты дәлелдей алған. Зерттеу барысында жасалған поэтонимдердің жүйеленген қоры мен типологиялық жіктеулері қазақ әдеби ономастикасының дерекқорын толықтыратын маңызды ғылыми материал ретінде бағалануға лайық.

Зерттеудің тағы бір ұтымды қыры – теория мен практикалық талдаудың өзара сабақтастығы. Автор ғылыми тұжырымдарды мәтіндік дәйектермен бекітіп, әрбір антропопоэтонимнің көркемдік қызметін нақты мысалдар арқылы дәлелдей алған. Бұл диссертацияның тек теориялық сипатта қалып қоймай, мәтіндік-сараптамалық тұрғыдан да терең қарастырылғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға толық жауап береді. Зерттеу жұмысы қазақ ономастикасы, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика және әдеби ономастика салаларына қосылған маңызды ғылыми еңбек ретінде бағаланады. Диссертацияның мазмұны мен құрылымы жүйелі, ғылыми жаңалығы айқын, ал алынған нәтижелердің теориялық әрі практикалық маңызы жоғары. Сондықтан бұл зерттеу жұмысын отандық гуманитарлық ғылымдағы құнды ғылыми ізденістердің бірі деп тануға толық негіз бар.

Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Карипжанова А.О.

